

**"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қаржы лизингі мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 мамырдағы N 438 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қаржы лизингі мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қаржы лизингі мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат.; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1 - 2 ,                      7 - қ ұ ж а т ,                      N                      4 ,                      2 5 - қ ұ ж а т ) :

565-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Лизинг шартының жекелеген түрлерінің ерекшеліктері заң актілерімен белгіленуі мүмкін."

2. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат ; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 21-22, 281-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат):

140-бап мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) егер Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес лизинг нысанасын даусыз алу туралы талап мәлімделген болса;"

3. "Қаржы лизингі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 10, 247-құжат):

1) 3-баптың 1-тармағының 1) тармақшасында "лизинг беруші, лизинг алушы және сатушы" деген сөздер "лизинг беруші және лизинг алушы" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) 5-баптың 2-тармағының бірінші сөйлемі алынып тасталсын;

3) 15 баптың 2-тармағының 10) және 11) тармақшалары алынып тасталсын;

4) 16-баптың 1-тармағының екінші бөлігі алынып тасталсын;

5) 17-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) егер лизинг алушы қатарынан екі және одан да көп рет шартта көзделген мерзімде лизинг шарты бойынша белгіленген көлемде лизинг төлемін жасамаса, лизинг берушінің талап етуі бойынша бұзылуы, ал лизинг нысанасы лизинг алушының есебінен лизинг берушіге қайтарылуы мүмкін.";

6) 24-баптың 1-тармағында:

"Лизинг беруші" деген сөзден кейін ", егер лизинг шартында өзгеше көзделмесе," деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) егер лизинг алушы қатарынан екі немесе одан да көп рет шартта көзделген мерзімде лизинг шарты бойынша белгіленген көлемде лизинг төлемін жасамаса, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен лизинг нысанасын даусыз сұратып алуға құқығы бар.";

7) 25-баптың 1-тармағындағы "шетелдік инвестициялар туралы және тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" деген сөздер "инвестициялар туралы" деген сөздермен ауыстырылсын.

**2-бап.** Осы Заң ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*